

ОӘЖ 37.015.6:378.1

ОҚЫТУШЫ МЕН СТУДЕНТТИҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА

Бекмырза Аружан

1 курс магистранты, «7M01501 – Математика» білім беру бағдарламасы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Сүлеймен Самал Бейқұтқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Бұл мақала оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастағы педагогикалық этиканың мәні мен маңызы қарастырылады. Педагогикалық этика - білім беру процесінде моральдық және этикалық нормалардың сақталуы, әділдік, сыйластық, түсінік және адалдық принциптерінің жүзеге асуы екендігі талданады. Мақалада оқытушының және білім алушының этикалық міндеттері мен жауапкершіліктері, олардың өзара қарым-қатынасында сақталуы тиіс негізгі құндылықтар мен мінез-құлық нормалары сипатталады. Сонымен қатар, мұндай этикалық қарым-қатынастардың оқу процесінің тиімділігіне, білім алушының дамуына және қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға әсері туралы зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Мақала педагогикалық этиканың оқыту мен оқу процесіндегі рөлі туралы терең түсінік беріп, білім беру жүйесінде этикалық нормаларды сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

Кілт сөздер: Педагогикалық этика, оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас, этикалық нормалар, моральдық нормалар, қарым-қатынас принциптері, білім берушінің этикасы, білім алушының этикасы, сыйластық.

Қазіргі қоғамда білім беру саласының басты міндеті - жоғары кәсіби мамандар даярлау ғана емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік дамуды да қамтиды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастың ерекше мәні бар. Атап айтқанда, педагогикалық этика, яғни оқытушы мен студент арасындағы мінез-құлықтың моральдық нормалары мен принциптері, оқытудың тиімділігін қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Педагогикалық этиканың негізі - сыйластық, түсіністік,

әділдік және әділеттілік. Мұндай қарым-қатынас тек білім алушының оқу процессіне ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына да ықпал етеді.

Педагогикалық этика - бұл оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасының моральдық және этикалық нормалары мен принциптер жиынтығы. Бұл жүйе адамның ішкі әлеміне, оның мінез-құлқына, білім беру саласындағы әрекеттеріне қатысты моральдық нормаларды анықтайды. Оқытушы мен студенттің арасындағы этикалық принциптер әрқашан объективті және әділ болуын, сыйластық пен құрметті, адам құқықтарын сақтауды және білім беру процессінің ашықтығын талап етеді.

Этика принциптері оқытушы мен білім алушы арасындағы қатынастарда екі жақты сыйластықты және адалдықты қамтамасыз етеді. Мұның нәтижесінде оқытушы өз міндетін толық түсініп, жұмысын жауапкершілікпен атқарған жағдайда, білім алушы өзіне сенімді болады.

Оқытушының этикалық мінез-құлқының ең маңызды аспектісі - бұл өзінің кәсіби міндеттерін орындау барысында моральдық жауапкершіліктерді сезінуі. Бұндай жауапкершілік тек білім беруде ғана емес, сонымен қатар білім алушыларға тұлғалық тұрғыда көмек көрсету барысында да маңызды. Оқытушының этикасы:

1. Сыйластық - оқытушы студенттің жеке тұлғасын, оның дүниетанымын, пікірін, эмоциялық жағдайын сыйлауы керек. Бұл қарым-қатынас басырындағы сенім мен құрметтің негізі болып табылады.

2. Түсіністік - оқытушы студенттің қиындықтары мен проблемаларын түсініп, оған көмек көрсетуге дайын болуы керек. Бұл, әсіресе, студенттің оқу барысында туындайтын психологиялық және әлеуметтік жағдайларды шешуде маңызды.

3. Әділдік - оқытушы барлық студенттерге тең мүмкіндік беруі тиіс. Әрбір студентке әділ және бірдей қарым-қатынас жасауы, сынақ пен емтихан кезінде жеке тұлғалық ерекшеліктеріне, әлеуметтік жағдайына қарамастан барлығына бірдей мүмкіндік беруі қажет.

4. Әдептілік - оқытушы өз іс-әрекетінде жоғары моральдық және этикалық нормаларды сақтауы керек. Әрбір әрекетінде адам болуы, студенттерге жақсы үлгі көрсету маңызды.

Педагогикалық этика тек оқытушыға ғана қатысты емес, білім алушының да этикалық құндылықтарды сақтауы қажет. Студенттің этикалық мінез-құлқы оқу процесіне қатысуынан бастап, оқытушыға деген көзқарасқа дейінгі барлық жағдайларда байқалады. Білім алушының педагогикалық этикасына жататын сипаттар:

1. Сыйластық - білім алушы білім берушінің кәсіби еңбегін құрметтеуі керек. Ол оқытушының айтқан пікірлеріне, ескертулеріне теріс көзқарас қалыптастырмай, өзіндік пікір білдіру кезінде құрмет көрсетуі қажет.

2. Жауапкершілік - білім алушы өзінің оқу міндеттерін орындауда жауапкершілік танытуы керек. Ол өз уақытын тиімді пайдаланып, сабаққа дайындық жасауы қажет.

3. Әдептілік - білім алушының сабаққа қатысу барысында мәдениетсіз мінез-құлық, тәртіпсіздік танытпауы, оқу процесінің тиімділігіне кедергі келтірмеуі өте маңызды.

4. Шынайылық - білім алушы өз іс-әрекеттерінде барынша шынайы болуы тиіс. Ол жалған ақпарат бермей, өзінің білімін ашық көрсетуі керек.

Оқытушы мен білім алушы арасындағы этикалық қарым-қатынас білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын анықтайды. Егер осы қатынастар негізінде дұрыс этикалық принциптер сақталса, онда білім алушы оқу процесінде өз мүмкіндіктерін толық аша алады, ал білім беруші өзінің рөлін дұрыс атқарып, тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Педагогикалық этиканың негізінде сенім, түсіністік және құрметтің болуы оқу ортасында позитивті атмосфера қалыптастырады. Білім алушылар өздерін қауіпсіз және еркін сезінетін, көмек пен қолдау ала алатын ортада жақсы нәтижелер көрсетеді.

Қорытындылай келе, қазіргі білім беру жүйесінде білім беруші мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастың этикалық негіздері маңызды рөл атқарады дегім келеді. Оқытушының түсіністік танытуы мен сыйластығы білім алушының тиімді оқуына, өзіндік дамуына әсері орасан зор. Ал студенттің жауапкершілігі, шынайылығы және бастысы-әдептілігі оқу процесінің жемісті болуына ықпал етеді. Осылайша, педагогикалық этиканы сақтай отырып, білім беру саласында моральдық тұрғыда мықты, жеке тұлғаларды қалыптастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдықов С.Қ. (2007). *Педагогика негіздері*. Алматы: Дарын.
2. Тажжігітова Н.К. (2013). *Педагогика: Теория мен әдістемелер*. Алматы: Қазақ университеті.
3. Мұқанова А.Т. (2011). *Оқытушының кәсіби этикасы*. Астана: Фолиант.
4. Шалабаева С.Ә. (2016). *Білім беру жүйесінде этикалық нормалар*. Алматы: Қазақ университеті.
5. Жұмағұлов Қ.Б. (2013). *Қазіргі білім берудегі педагогикалық қарым-қатынас*. Алматы: Раритет.
6. Рыбникова И.Н. (2009). *Оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас*. Алматы: Мектеп.
7. Аманжолова Ә.А. (2010). *Білім беру және педагогикалық этика*. Ақтөбе: Әділет.
8. Исаев М.Т. (2007). *Жоғары білім беру жүйесіндегі педагогикалық этика*. Астана: Фолиант.

9. Шабдар М. (2015). *Жоғары білім беру жүйесіндегі педагогикалық қарым-қатынастың этикалық аспектілері*. Жоғары білім және инновациялық зерттеулер журналы, 3(2), 45–50.

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ЭТИКА ВО ВЗАИМООТНОШЕНИЯХ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ И СТУДЕНТА

Бекмырза Аружан

Научный руководитель: Сүлеймен Самал Бейкүтқызы

В данной статье рассматривается сущность и значение педагогической этики в отношениях преподавателя и обучающегося. Педагогическая этика анализируется как соблюдение моральных и этических норм в образовательном процессе, реализация принципов справедливости, уважения, понимания и честности. В статье описываются этические обязанности и ответственность преподавателя и ученика, основные ценности и нормы поведения, которые должны соблюдаться в их отношениях. Кроме того, проводится исследовательская работа о влиянии таких этических отношений на эффективность учебного процесса, развитие обучающегося и формирование духовно-нравственных ценностей в обществе. Статья дает глубокое понимание роли педагогической этики в процессе обучения и подчеркивает важность соблюдения этических норм в системе образования.

Ключевые слова: Педагогическая этика, взаимоотношения между преподавателем и студентом, этические нормы, моральные нормы, принципы взаимоотношений, этика преподавателя, этика обучающегося, уважение.

PEDAGOGICAL ETHICS IN THE RELATIONSHIP BETWEEN TEACHER AND STUDENT

Bekmyrza Aruzhan

Scientific supervisor: Suleimen S.B.

This article discusses the essence and significance of pedagogical Ethics in the relationship between teacher and student. Pedagogical ethics is the observance of moral and ethical standards in the educational process, the implementation of the principles of justice, respect, understanding and honesty. The article describes the ethical duties and responsibilities of a teacher and a student, the basic values and norms of behavior that must be observed in their relationship. In addition, research

work is underway on the impact of such ethical relations on the effectiveness of the educational process, the development of the student and the formation of spiritual and moral values in society. The article provides a deep understanding of the role of pedagogical Ethics in the teaching and learning process and shows the importance of compliance with ethical standards in the education system.

Keywords: Pedagogical ethics, teacher-student relationships, ethical norms, moral norms, principles of communication, teacher's ethics, student's ethics, respect.

REFERENCES

1. Kabdykov S.K. (2007). Fundamentals of Pedagogy. Almaty: Daryn.
2. Tajzhigitova N.K. (2013). Pedagogy: Theory and Methods. Almaty: Kazakh University.
3. Mukhanova A.T. (2011). Professional Ethics of a Teacher. Astana: Foliant.
4. Shalabaeva S.A. (2016). Ethical Norms in the Education System. Almaty: Kazakh University.
5. Zhumagulov K.B. (2013). Pedagogical Relations in Modern Education. Almaty: Raritet.
6. Rybnikova I.N. (2009). Relations between a Teacher and a Student. Almaty: Mektep.
7. Amanzholova A.A. (2010). Education and Pedagogical Ethics. Aktobe: Adilet.
8. Isaev M.T. (2007). Pedagogical ethics in the higher education system. Astana: Foliant.
9. Shabdar M. (2015). Ethical aspects of pedagogical relations in the higher education system. Journal of Higher Education and Innovation Research, 3(2), 45–50.